

Өзара бюджеттік борыштар бойынша есептеме жүргізу және тұтынған электр және жылу энергиясына берешек сомасын өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 желтоқсан N 1521

Бюджеттік ұйымдардың тұтынған электр және жылу энергиясына пайда болған берешектерін азайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп республикалық бюджет мекемелерінің қаржыландыру есебіне олардың тұтынған электр және жылу энергиясына берешектерін өтеу үшін (2-қосымша) Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі жүйесінің ұйымдары мен басқа ұйымдардың республикалық бюджетке салық төлемдері бойынша жалпы сомасы 1600 млн. (бір миллиард алты жүз миллион) теңге берешектеріне беріліп отырған тізбеге сәйкес (1-қосымша) есептеме жүргізісін.

Берешек есептемесі аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

2. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге орталық атқарушы органдар ведомстволық бағыныстағы бюджеттік мекемелердің "Шаруашылық шығыстары" бабы бойынша пайдаланбаған қаржыландыру лимитінің болмауынан, стипендия, зейнетақы, дәрі-дәрмек, тағамдар есептелген еңбек ақыдан өзге, басқа баптар бойынша пайдаланбаған лимиттер есебінен қайта бөлуді жүргізісін және он күн мерзім ішінде сметалық тағайындауларды қайта бөлу жөніндегі жүргізілген жұмысты ескере отырып, берешек есептемесінің сомасы туралы деректерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мәлімдесін.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері тиісті жергілікті

бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдар бойынша осы секілді есептеме жүргізу мүмкіндігін қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі жылукоммунэнерго кәсіпорындары бойынша олардың бюджет мекемелерін қамтамасыз ету үшін босатқан жылу энергиясына тиісті дебиторлық берешегін алып тастауды қоса алғанда, 1997 жылдың 1 қаңтарына дейін оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың өзара есептесуін реттесін.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 11 желтоқсандағы
N 1521 қаулысына
1-қосымша

Республикалық бюджет алдындағы берешектеріне
есептеме жүргізілетін энергетика кәсіпорындары

мен басқа да ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

(мың теңге)

барлығы	
1	2
Алтайэнерго	126000
Алматыэнерго	183894
Атырауэнерго	59700
Қарағандыэнерго	176000
Қостанайэнерго	115000
Запказэнерго	91190
Павлодарэнерго	110216
Целинэнерго	117000
"Электроаппарат" акционерлік қоғамы	7000
"Энерготеплоизоляция" өндірістік бірлестігі	25000
"Средаэнергозащита" акционерлік қоғамы, Екібастұз қаласы	46000
"Екібастұз энергожөндеу комбинаты" мемлекеттік республикалық кәсіпорны	70000
"Казэнергоремонт" ашық акционерлік қоғамы	70000
"Средаэнергомонтаж" тресі	70000
"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесі	303000
"Екібастузэнергострой" өндірістік бірлестігі	30000
Жиыны	1600000

Оның ішінде

заңды тұлғалардан алынатын қосылған құнға салынған	
табыс салығы	салық
3	4
126000	
183894	
9700	50000
	176000
32000	83000
91190	
110216	
94000	23000
7000	
25000	
46000	
70000	
	70000
70000	
	303000
30000	
895000	705000

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 11 желтоқсандағы
N 1521 қаулысына
2-қосымша

Энергиямен жабдықтау ұйымдары алдында электр және жылу энергиясын тұтынғаны үшін берешек есептемесіне қабылданатын бюджеттік ұйымдардың

ТІЗБЕСІ

(мың теңге)

| Барлығы

1	2
Ішкі істер министрлігі	234210
Денсаулық сақтау министрлігі	141315
Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	31565
Қорғаныс министрлігі	137802
Білім министрлігі	567888
Х.А.Яссауи атындағы халықаралық түрік-қазақ университеті	1000
Мәдениет министрлігі	1568
Ауыл шаруашылығы министрлігі	34452
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	3304
Көлік және коммуникациялар министрлігі	25501
Қаржы министрлігі	41264
Экология және биоресурстар министрлігі	3154
Әділет министрлігі	23106
Парламент	1960
Президент Аппаратының ІБ	9583
Экономика министрлігі	184
Президент Іс Басқармасының Медицина орталығы	1992
Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті	470
Ұлттық статистика агенттігі	1593
Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті	3296
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті	4426
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті	19273
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті	4459
Су ресурстары жөніндегі комитет	12711
Жер қатынастары және жерге орналастыру	

жөніндегі комитет	631	
Бас Прокуратура	35836	
Геодезия және картография бас басқармасы	1066	
Орман шаруашылығы комитеті	5691	
Мемлекеттік тергеу комитеті	168516	
Ұлттық қауіпсіздік комитеті	39027	
Республикалық ұлан	800	
Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма	863	
Кеден комитеті	9667	
Қылмыстық-атқару жүйесі бас басқармасы	22672	
"Қазақстан теледидары мен радиосы"		
республикалық корпорациясы	8041	
Мемлекеттік материалдық резервтер		
жөніндегі комитет	407	
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік		
ұлттық университеті	707	
Жиыны	1600000	

Оның ішінде

электр энергиясы		жылу энергиясы
------------------	--	----------------

3

4

142858	91352
15451	125864
12094	19471
36372	101430
61777	506111
1000	
1568	
15809	18643
748	2556
4786	20715
6683	34581
1837	1317
3235	19871

1593	367
9583	
184	
	1992
235	235
275	1318
956	2340
1283	3143
15911	3362
1372	3087
11015	1696
244	378
11003	24833
8	1058
2775	2916
45058	123458
5734	33293
800	
672	191
2950	6717
22672	
4480	3561
371	36
	707
443392	1156608